

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

минералды ресурстарды іздеу, сондай-ақ минералды ресурстарды игеру туралы шешім қабылдағанға дейін минералды ресурстарды өндірудің техникалық орындылығы мен рентабельділігін бағалау". Бұл стандарт жер қойнауын зерттеуді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға көбірек қолданылады. Өндіруді және жер қойнауын пайдаланудың басқа да операцияларын қаржылық есептілік стандарттары қарастырмайды.

Әдетте, көбінесе мұнай-газ компаниялары ағындық операцияларға қатысады (қорларды барлау және оларды өндіру) және ағындық кезеңде (өнімді тасымалдау және сату) сирек кездеседі.

Операцияларды есепке алғанда, ең алдымен, операциялардың экономикалық мәнін түсіну керек, басқаша айтқанда, мазмұн оның формасынан басым болуы керек. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды есепке алу тәртібі қолданылады.

Мұнай-газ қорларын барлау келесі кезеңдерден тұрады:

- 1) барлаужұмыстарын лицензиялық жүргізу;
- 2) пайдалы қазбаларды игеру және келісімшарттар жасасу құқықтарын сатып алу;
- 3) іздестіру-барлаужұмыстары;
- 4) қорларды және оларды игеруге арналған шығындарды бағалау;
- 5) кен орындарын игеру;
- 6) қорларды өндіру[3]

Сонымен, мұнай-газ өндіруші компаниясында есеп пен аудитті ұйымдастыру өндіру процестерінің ауқымдылығы мен күрделілігіне, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын сақтауға, мұнай-газ саласының ерекшелігіне және күрделі қаржы құралдарын пайдалануға байланысты өзіндік ерекшеліктерге ие. Саланың тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін мамандандырылған есепке алу жүйелерін пайдалану және персоналды оқыту, сондай-ақ мұнай-газ саласы мен қаржы құралдары саласында тәжірибесі мен білімі бар аудиторлардың болуы қажет.

Осылайша, мұнай-газ өндіруші компаниясында бухгалтерлік есепке алуды ұйымдастырудың процестердің күрделілігі мен ауқымдылығына, өндіру объектілерінің көптігіне, салық салу ерекшеліктеріне және қоршаған ортаны қорғау мен еңбек қауіпсіздігі жөніндегі талаптарға байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Тиімді бухгалтерлік есепті жүргізу үшін процестерді автоматтандыруға және деректердің дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін мамандандырылған бағдарламалар мен жүйелер қолданылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Закон Республики Казахстан от 28 февраля 2007 года № 234-III «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.09.2022 г.) (zakon.kz)
2. Закон Республики Казахстан от 24 июня 2010 года № 291-IV «О недрах и недропользовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 24.05.2018 г.)
3. Учет в нефтегазовой промышленности от 18 июля 2013г.[Электрондық ресурс] (zakon.kz)

ҚАЗАҚСТАН РЕУСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САУДА АЙНАЛЫМЫНА ТАЛДАУ

Жартыбек Дарина Берікқызы


dzhartybek@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің
Мемлекеттік аудит мамандығының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі- Б.Қайранбеков

Қоғамның дамуының кез-келген кезеңінде сыртқы сауда ең маңызды экономикалық даму

аспектілерінің бірі болған. Әлемдік даму тенденциялары мен қазіргі заманғы жаһандану әрбір мемлекеттің бір-бірімен сыртқа экономикалық байланыс орнатуының негізі болуына ықпал етуде. Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа интеграциясы ел ішіндегі және одан тыс жерлердегі экономикалық процестердің өзара тәуелділігін күшейтті. Жаһандану процестері елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды проблемасы болып табылатын экономикалық жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етуге айтарлықтай әсер етеді. Сыртқы сауда қызметі – бұл тауарлармен, қызметтермен, зияткерлік меншікпен және ақпаратпен сыртқы сауда саласындағы мәмілелерді жүзеге асыру қызметі. Сыртқы сауда – сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың Қазақстан Республикасынан тауарларды әкетуге немесе Қазақстан Республикасына әкелуге байланысты қызметі.

Келесі 1 суретте Қазақстан Республикасының сыртқы саудасына қатысты негізгі тұжырымдамалар келтірілген.



Сурет 1. Қазақстан Республикасының сыртқы саудасына қатысты негізгі тұжырымдамалар.

2022 жылдың қаңтар-мамырында ҚР сыртқы саудасы оған дейінгі жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 53.6%-ға өсті (экспорт – 68.9%-ға, импорт – 19.9%-ға). Бұған мұнайгаз нарығында бағалардың қымбаттауы және экспорт көлемінің артуы себеп болды. Сонымен қатар нақты секторда тұрақты динамиканың сақталуы арқасында импорт көлемі де ұлғайды.

Қазақстанның экспорттық өнімдерінің қоржыны әртүрлі: 2022 жылдың қаңтар-мамырында өнімдердің 71 түрі сыртқа шығарылған. Негізгі табыс отын-энергетикалық тауарлардан және металдардан түсуде (сәйкесінше 69.2% және 13.7%). Импорт бойынша тауар номенклатурасының кең спектрі қамтылған. Бәрінен бұрын мына тауарлар енгізілген: дәрі-дәрмектер (610 млн долларға), автокөліктер (481 млн), телефондар (454 млн), есептеуіш техникалар (390 млн), киім-кешектер (343 млн), қосалқы бөлшектер мен жасақтауыштар (300 млн) [1].

Кесте-1. 2022 жылдың қаңтар-мамыры айлары ішінде негізгі тауар топтары бойынша

тауар айналымының құармы мен құрылымы


№ р/с	Тауарлар тобы	Экспорт		Импорт		Ауытқуы	
		Млн доллар	Үлесі салмағы , %	Млн. доллар	Үлесі салмағы , %	(-;+)	%
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Минералдық өнімдер, оның ішінде: -отын-энергетикалық тауарлар	23 178.8	74.2%	373.2	3.7%	-22805,6	1,61
		21 629.9	69.2%	69.5	0.7%	-21560,4	0,32
2	Жануарлардан алынатын және өсімдік текті өнімдер, дайын өнімдік тауарлар	1954.0	6.3%	913.8	9.0%	-1040,2	46,7
3	Былғары шикізаты	3.4	0.0%	27.9	0.3%	24,5	82
4	Ағаш материалдары және целлюлоза-қағаз бұйымдары	7.4	0.0%	93.8	0.9%	86,4	88,6
5	Тоқыма және тоқыма бұйымдары	40.2	0.1%	441.5	4.4%	401,3	91,4
6	Аяқ киім. Бас киімдер және галантереялық тауарлар	0.3	0.0%	112.9	1.1%	112,6	94,8
7	Құрылыс материалдары	7.1	0.0%	133.2	1.3%	126,1	95,7
8	Металдар және солардан жасалған бұйымдар	4291.3	13.7%	686.3	6.8%	-3605	15,9
9	Машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар және аппараттар	451.7	1.4%	5106.1	50.5%	4654,4	92,5
10	Басқа да тауарлар	330.0	1.1%	253.9	2.5%	-76,1	76,9
Барлығы		31256.4	100%	10105	100%	-21151,4	32,3
<i>Ескерту:</i> мәліметтер [1] ресми ақпараттар неізінде автормен құрастырылған.							

Кестеде берілген мәліметтерге сәйкес келесідей тұжырымға келуге болады. Еліміздегі импортық және экспорттық тауарлардың ең жоғары теріс ауытқу минералдық өнімдер оның ішінде, отын-энергетикалық тауарларда көрініс табады екен. Яғни, бұл тауарлардың экспорты импорттан қарағанда едәуір көп. Ал машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар және аппараттардың импорты экспорттан қарағанда өте жоғары (ауытқу 4654,4).

Тауарлар мен қызметтердің экспорттық және импорттық ағындары кез-келген елдің даму деңгейінің көрсеткіштерінің бірі болып келеді. Экспорттаушы мен импорттаушының позициясы көбінесе халықаралық нарықтарда және ел ішінде бәсекелестіктің даму дәрежесіне байланысты болып табылады. Тауарлардың экспорты мен импорты макроэкономикалық және микроэкономикалық деңгейде көрінеді. Макроэкономикалық дамуға келетін болсақ, әр ел экспорт пен импорт функциясымен анықталатын экспорттық түсім мөлшерінде мүмкіндігінше экспорттауға және импорттауға ұмтылады. Осылайша, мемлекеттің экспорт деңгейі басқа елдердің ұлттық табысының өсіп келе жатқан функциясы ретінде қаратырылады. Басқаша айтқанда, экспорт басқа елдердің ұлттық табысының өсуімен және керісінше артады, ал елдің ұлттық табысының өсуімен осы елдің импорты артады. Демек, екі елдің экспорты мен импорты және Ұлттық кірісі арасында белгілі бір өзара тіуелділіктер бар және бұл сыртқа сауда айналымының мультипликаторымен түсіндіріледі. Қазақстанның экспорттағы негізгі

әріптестері ретінде: Түркия (5,3%), Нидерланды (5,9%), Корея Республикасы (6,3%), Ресей (13%), Қытай (17%) және Италия (18,5%).

Импортындағы негізгі әріптестері: Түркия (3,4%), Корея Республикасы (3,7%), АҚШ (4,6%), Германия (5%), Қытай (24,9%), Ресей (27%) болып табылады[2]. Келесі суретте Қазақстанның экспорты мен импортындағы серіктес елдері туралы ақпарат берілген.



Сурет 2. Қазақстанның экспорты мен импортындағы серіктес елдері

Сауда көрсеткіштері мен рейтингтері Халықаралық сауда рейтингтерінде Қазақстанның дамыған елдермен салыстырғанда төменгі орынды иеленген. Қазақстанда тауар нарықтарын реттеу бойынша PMR жалпы рейтингі 2,12 (ЭБДҰ бойынша орташа – 1,38) құрады, «Ішкі және сыртқы нарықтарға шығуға кедергілер» компоненті бойынша – 1,48 (ЭБДҰ бойынша орташа – 1,16). Өндірістік құрылымда сауда еркіндігі және экономикалық қиындықтар индекстері бойынша Қазақстан сәйкесінше 64-ші 87-ші орынға ие.

Демек, Қазақстанда тауарды сыртқа шығаруда белгілі бір кедергілер бар, себеп әлсіз әртараптандырылған, ал экспорттық өнімдер құрылымында төменгі шектің тауарлары басымдыққа ие. Еліміз сыртқы саудаға әсер ететін қауіп-қатерлерге баса назар аударып оларды шешу жолдарын алдағы мақсатқа қою қажет.

Сыртқа сауда айналымыда Қазақстан Республикасы үшін келесідей негізі қауіп-қатерлер мен тәуекелдер болуы мүмкін:

- Тауар жеткізу тізбектерінің бұзылуы;
- Энергия тасымалдаушылар бағаларының құбылмалығы;
- Екінші қайтара санкцияларға ұшырау қаупі;
- Жоғары көлік шығындары;
- Шикізаттың жоғары бағасы;
- Көлеңкелі экономика;
- Қара ниеттік бәсекелестік;
- Ескірген өндірістік технологиялар да өз кезегінде өндірісте өзінің кері әсерлерін тигізу мүмкін және болашақта ол кәсіпорынға тәуекел жағдайын тудыру ықтималдылығы жоғары болып саналады [3].

Қорытындылай келе, Қазақстан жылдан жылға әлемдік саудалық арақатынастардың белсенді қатысушысы болып отыр. Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға кіруі аясында әлемнің көптеген елдерінің сауда-саттыққа деген қызығушылығы еліміздің мүмкіндіктерін арттыруда. Елдің соңғы бірнеше жылдағы сыртқы саудасы қарқынды дамуда, Қазақстан экономикасының тұрақты өсу серпіні қалыптасып, сыртқы экономикалық кешен ұлттық экономиканың серпінді

секторы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы 2022ж. Қаңтар-мамыр арналған / Ұлттық Статистика Бюросы // Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі /// [Электрондық ресурс] URL: <https://stat.gov.kz/upload/iblock/79e/uoru22mlx8paj7f45rxld2wi1iv22d25/%D0%9A%D0%A0%20%D0%A1%D1%8B%D1%80%D1%82%D2%9B%D1%8B%20%D1%81%D0%B0%D1%83%D0%B4%D0%B0%20%D0%B0%D0%B9%D0%BD%D0%B0%D0%BB%D1%8B%D0%BC%D1%8B.pdf>
- 2.Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы – Ұлттық Статистика Бюросы / 15.09.2023 ж. /// [Электрондық ресурс] URL: <https://stat.gov.kz/upload/iblock/518/82z1e3mj48i2j3coamof8fnc4e5q3itg/%D2%9A%D0%A0%20%D1%81%D1%8B%D1%80%D1%82%D2%9B%D1%8B%20%D1%81%D0%B0%D1%83%D0%B4%D0%B0%20%D0%B0%D0%B8%CC%86%D0%BD%D0%B0%D0%BB%D1%8B%D0%BC%D1%8B.pdf>
- 3.Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы, Jusan Analytics 2022ж. / [Электрондық ресурс] URL: <https://jusananalytics.kz/wp-content/uploads/2022/07/%D2%9Br-syrt%D2%9By-saudasy-2022-zhyldy%D2%A3-%D2%9Ba%D2%A3tar-mamyry.pdf>

УДК 657.471.1.011.28

ТРАНСФОРМАЦИЯ УПРАВЛЕНЧЕСКОГО УЧЕТА ЧЕРЕЗ СИСТЕМУ ЦЕЛЕВЫХ ЗАТРАТ: ПОДХОДЫ И ПРОБЛЕМЫ

Жаксылыков Адиль Муратович

Adil_mkz@mail.ru

Магистрант 2 курса

Научный руководитель: Акимова Б.Ж.

В эпоху глобализации и интенсификации конкуренции, управленческий учет становится неотъемлемым элементом стратегического планирования и управления компанией. Он предоставляет руководителям информацию, необходимую для принятия обоснованных решений, направленных на повышение эффективности и конкурентоспособности бизнеса. Важным направлением в развитии управленческого учета является внедрение системы целевых затрат, которая позволяет не только оптимизировать затраты, но и обеспечить устойчивое развитие предприятия на долгосрочную перспективу.

Система целевых затрат, как указывают Каплан и Нортон в своей работе "Сбалансированная система показателей: От стратегии к действию", представляет собой комплексный подход к управлению затратами, начиная с этапа проектирования продукта и заканчивая его реализацией на рынке. Этот подход позволяет компаниям не только снизить издержки, но и увеличить стоимость продукции для потребителя, тем самым укрепляя свои позиции на рынке.[1]

Целью данной статьи является исследование трансформации управленческого учета через внедрение системы целевых затрат, анализ подходов к реализации данной системы на практике, а также выявление основных проблем и вызовов, с которыми сталкиваются организации при ее внедрении. Рассмотрение данной темы осуществляется на основе анализа существующих теоретических работ и практических кейсов, что позволяет сформировать комплексное представление о значении системы целевых затрат для современного управленческого учета.

Теоретические аспекты управленческого учета и системы целевых затрат.

Управленческий учет является неотъемлемой частью системы управления